ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жыл 26 шілде №5265-23-00-2/1587 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Сейтжанұлы, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазғұрт аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Мега» (басшысы – Килибаев Эркин Бекенович)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 229, 267-3, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазғұрт аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мега» (басшысы – Килибаев Эркин Бекенович) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мега» басшысы – Килибаев Эркин Бекеновичтен мемлекеттің пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

АПК-нің 267-4-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 26.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 05.09.2023, судья Сейтжанұлы С., 05.09.2023
5265-23-3-1/1727

көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403-404 баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С.Сейтжанұлы**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 26.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.09.2023, судья Сейтжанұлы С., 05.09.2023

5265-23-3-1/1727